

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы
ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №1**

29.09.2023ж

Қаралатын мәселелер:

1. Балалардың балабақшаға қатысуы.
2. Топтардың жабдықталуы, жаңа оқу жылына дайындығы.
3. Балабақшаны ағымдағы жөндеуден өткізу қорытындысы.

Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші Жупаркуль Саттаровна балалардың балабақшаға қатысуы жайлы медбике Игиликова А.Б мәлімет сұрады. Тізім бойынша бала саны 140 оның ішінде 127 күн дәрігердің анықтамасымен, 457 күн ата-ана өтінішімен, келген күндер 2396 деді. Меңгеруші Жупаркуль Саттаровна балалардың келмеу себебін анықтауды, баланың келуін 100% пайызға жеткізуді барлық тәрбиешілер мен медбике Игиликова А.Б қатаң тапсырды.

Әдіскер Гулжан Пернебаевна биыл жаңадан кереуерттер, балалар орындығы мен ас үстелдері, ойыншыққа арналған сөрелер алынып топтардың іші жаңарып , ескі заттар шығарылғанын айтты. Топтарда дамыту орталықтарымен , ойыншықтармен толықтырылғанын атап айтты. Балаларға спорттық құралдар тапшы екенін дене тәрбиесіне қажет екенінде айтып өтті. Меңгеруші Куляш Абжалиқызы қажетті спорттық құралдар тізімін жасап сұраныс беруді есепші Роза Алтынбекқызына қаржы қарастыруды ұсынды.

Келесі сұрақ бойынша меңгерушінің шаруашылық іс жөніндегі орынбасары Төлебасиева А.Д барлық топ, кабинеттер әктеліп, сырланып жөндеуден өткізілгенін айтты. Ойын алаңдары, спорт алаңы, балалар саябағы әктеліп, сырланғанын мәлімдеді. Жаңа оқу жылына барлық топ дайын екендігін айтты. Дегенмен Солнышко, Ойшылдар топтарына ән-күй залына шойын батареялардан қосымша қойып, барлық топтың жылу жүйесінің трубалары ауысу қажеттігін , 3-4 топтық едені, барлық топтардың ойын бөлмелері мен қабылдау бөлмелеріне линолиум, бірінші және екінші

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы
ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №2**

26.12.2023ж

Қаралатын мәселелер:

1. Қысқа дайындық жұмыстарын жалғастыру, топтардың жылу температурасының сақталу жағдайын қадағалау.
2. Бала өмірі мен денсаулығын қарау бойынша жүргізілген жұмыстар қорытындысы.
3. Балабақшада ойын арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту жолдарын қарастыру.

Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші Жупаркуль Саттаровна жылу температурасы Балдырған, Қызыл телпек, Ботақан, Киндерленд топтарында төмен көрсетіп тұрғанын топтарға қосымша беті жабық электр пештерін қоюды, барлық техникалық қауіпсіздік шараларын сақтауды қызметкерлерге тапсырды.

Екінші сұрақ бойынша меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Төлебасиева А.Д былай деді. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық әр тоқсан бойынша жүргізіп тұрамын. Серуенге шығарда, ән-күй залына барарда өте сақ болу керектігін ескертті. Баланың тәрбиешінің алдына түсіп жүгіретінін, екінші қабат баспалдағынан жүгіріп түсетіндерін айтты. Жандарына баланы алып шығарда, серуеннен қайтқанда тәрбиеші көмекшілерін ертіп жүрулерін ұсынды.

Келесі сұрақ бойынша әдіскер Гулжан Пернебаевна былай деді. Ұсақ моториканы дамыту жұмыстарын ерте сәбилік шақтан бастаған дұрыс. Ересек топтағы балалар үшін ұсақ моториканы дамыту және қолдың икемділігін арттыруға арналған жаттығулар жасату маңызды. Баланы қызықтыруда және жаңа хабарларды игеруіне көмектесуде үйретуді ойынмен алмастыру алға қойған мақсатқа жетуіне көмектеседі. Баланы ойын

ойнату арқылы байланыстыра сөйлеуін, зейінін, байқағыштығын дамытамыз деді.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшаның жылу температурасының сақталу жағдайын күн сайын бақылау, реттеу меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Төлебасиева А.Д жүктелсін.
2. Балалардың өмірі мен денсаулығына жіті қарау тәрбиешілерге қатаң жүктелсін.
3. Балаларды ойын арқылы байланыстырып сөйлеуге үйрету, жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйымдастырылған жаттығуларды пайдалану тәрбиешілерге ұсынылсын.



ЖИРС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының

меңгерушісі:

Сыздықбекова Ж.С

Хатшы:

Үсенова С.М

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы
ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №3**

27.03.2024 ж

Қаралатын мәселелер:

1. Жаң технологияларды оқу тәрбие үрдісінде қолдану.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесін ұйымдастыру.
3. Ересек, мектепалды топтарда ойын-сауық өткізу іс-шара қорытындысы.

Балабақша меңгерушісі Жупаркуль Саттаровна: Жас ұрпақты тәрбиелеудегі басты міндеттердің бірі-білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп жаңа инновациялық білім технологиясын меңгерту. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі-оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру.

Педагогтың инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары-инновация туралы білімі, инновацияны жан-жақты меңгеру, инновацияны практикада дұрыс қодану, тәжірибеге ендіру деді. Осындай өз тәжірибесінде оқытудың әдіс тәсілін меңгерген тәрбиеші Рысбекова Л.И облыстың семинарда ашық оқу іс-әрекетін көрсетуін ұсынамын деді.

Әдіскер Гулжан Пернебаевна сөз алды: Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесін сапалы дәрежеге келтіру өзекті мәселенің бірі деді.

Жаттығу барысында балалардың дене бітіміне, денесін, басын ұстауы мен қол, аяқтарының қимыл координациясына, аяқ алысына, жүгіру жеңілдігіне мән берілуі керек.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған дене шынықтыру іс-әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктеріне қарай оқу іс-әрекетіне дайындау кіріспе бөліміне, оның мақсаты балаларды ұйымдастыру, олардың назарын жинақтау, эмоциясын қалыпқа келтіру, баланы күрделі жаттығулар жасауға әзірлеу болып табылады деді.

Келесі сұрақ бойынша медбике Игиликова А.Б орта, ересек, мектепалды топтарында өткен «Денсаулығы баланың-қуанышы ананың» ойын- сауықты қорытындылады. Ойын-сауық өте қызықты ұйымдастырылады. Тәрбиешілер балаларда спорттық арнайы киім болды. Барлық ойынға, жаттығуға, жарысқа қажетті спорттық құралдар (доп, доға, конус, жалауша, қоңырау, гимнастикалық таяқша т.б) жеткілікті болды. Балалар жақсы шынықты. Денсаулықтарын нығайтты, дене бұлшықеттерін шынықтырды деді.

ШЕШІМІ:

1. Ойын технологиясын Денсаулық сақтау технологиясын кеңінен қолдану. Ойын арқылы бала қиялын дамыту.
2. Баланың денсаулық сақтау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.
3. Салауатты өмір салты туралы қажетті білім, қабілет пен дағдыларын қалыптастырып, дамыту.



ЖНС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі: Сыздықбекова Ж.С

Хатшы:

Үсенова С.М

ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы
ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №5

13.05.2024ж

Қаралатын мәселе:

1. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастырудың тиімді тәсілдері.
2. Мектепке дейінгі балаларды салауатты өмір салтына бейімдеу.
3. Әртүрлі мәселелер.

Бірінші сұрақ бойынша әдіскер Жупаркуль Саттаровна сөз алды: Жаз табиғаттың ең тамаша мезгілі. Бұл мезгілде балалар демалысқа шығып қуаны асыр салып достарымен ойнайды. Ата-аналарымен бірге қыдырып, саяхатқа шығады. Балалардың жазғы демалысын қызықты ойындар арқылы да тиімді ұйымдастыруға болады. Соның ішінде балабақшада дене шынықтыру оқу іс-әрекеті мен спорттық үйірме жұмыстары күшейтілуі қажет деді.

Ата-аналардың көп жағдайда жұмысынан қолы босамай, балаға қарауға уақыты да, мүмкіншілігі де жетпей жатады. Сондықтан жазда ата-ана баласын балабақшадан қалдырмағаны жөн. Балабақшада жыл сайын балаларға арналған жазғы шынықтыру шаралары ұйымдастырылады. Мұндай шаралардың мақсаты мен міндеттері: балаларды тынықтыру, қызықтыру, денсаулығын нығайту, білімін кеңейту, тәрбиелеу. Осы мақсат, міндеттерді орындау үшін түрлі жұмыстарды ұйымдастыруға болады. Ол жұмыстардың негізі болып әрқашан түрлі ойындар қала береді. Ойындарды пайдалана отырып, баланын ойы мен тәрбиесін жеке тұлға ретінде заманауи талаптарға сай ұштауға, одан әрі дамытуға қадам басуымыз керек деді. Жаз маусымында балалардың бос уақытын ұйымдастырудың негізгі мақсаты: балаларды жазғы демалысын әсерлі өткізуіне мейлінше қолайлы жағдай жасау, танымдық, жан-жақты қызығушылығы мен қабілетін дамытуға ықпал ету.

Негізгі міндеттері: бала денсаулығын нығайтуда жаз маусымындағы ауа райының тамаша мүмкіндіктерін пайдалану (күн, ауа, су, құм, т.б).

Мерекелер мен ойын-сауықтар баланың жан-жақты дамуына әсерін тигізеді, эстетикалық, көркемдік талғамын дамытады.

Жаз маусымында балалармен бос уақытта өткізілетін іс-шаралар көрме жұмыстары (сурет көрме, қолөнер бұйымдар). Салауатты өмір салты апталығы экологиялық апталық, театрланған қойылымдар, тақырыптық кештер, жазғы олимпиадалық ойындар, музыкалық кештер.

Екінші сұрақ бойынша тәрбиеші Рысбекова Л.И сөз алды: Балаларды салауатты өмір салтын ұстануға баулап, ептілікке шапшандыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу және денелерін, бұлшықеттерін шынықтыру ең басты міндет болып табылады деді.

Дене тәрбиесі балалардың ақыл-ой адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және белсенді болуларына мүмкіндік тудырады. Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады.

Ол-таңертеңгілік жаттығу қимыл-қозғалыс ойындары және спорт ойындарының элементтер бар ойындар, спорттық жаттығулар,- деді.

Келесі әртүрлі мәселелер бойынша сұрақ жауап алынды.

ШЕШІМІ:

1. Жазғы сауықтыру іс-шара жұмысы жоспар бойынша қатаң орындалсын.
2. Балалар денсаулығы-басты назарға алынсын.
3. Балаларды тамақтандыру ата-аналармен біріккен жүйелі жұмыс жүргізу емдәмбике Игиликова А.Б жүктелсін.



ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі: Сыздықбекова Ж.С.

Хатшы:

Үсенова С.М